

АЛМАТЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ



Тақырыбы: Балалардың өсуі мен дамуының негіздері

ТЕКСЕРГЕН: КАТАШЕВА А
ОРЫНДАГАН: МЕЙІРХАН А
БАШЕНОВ Е
ТОБЫ: ПО-14-11

Алматы 2016 ж

ЖОСПАРЫ:

1. Жас ерекшеліктер физиологиясы мен мектеп гигиенасының пәні, міндеттері, басқа ғылымдармен байланысы, зерттеу әдістері.
2. Адам организмiнiң жалпы сызбанұсқасы.
3. Өсу мен даму заңдылықтары.
4. Жас кезеңдері

Жас ерекшеліктер физиологиясы мен мектеп гигиенасының пәні, міндеттері, басқа ғылымдармен байланысы, зерттеу әдістері

Физиология – мүшелер мен жүйелердің және тұтас ағзаның тіршілік әрекеттері туралы ғылым.

Осы физиология ғылымының бір саласы **жас ерекшеліктер физиологиясы** ағзаның бүкіл өмірі бойындағы физиологиялық функциялардың қалыптасуы мен даму заңдылықтарын зерттейді.

Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы – жас ұрпақтың денсаулығын қорғау және нығайту туралы ғылым. Ол жалпы гигиенамен тығыз байланысты және өсіп келе жатқан ағза мен қоршаған ортаның өзара әсерін зерттейді.

Адам организмiнiң жалпы сызбанұсқасы

Адам ағзасы атқаратын қызметi мен құрылысының ортақтығы бойынша бiрiктiрiлген бiр-бiрiне өзара бағынышты ұйымдастырылған күрделi жүйе. Жүйе элементi болып **жасуша** табылады. Шығу тегi, құрылысы мен атқаратын қызметi ұқсас жасушалар жиынтығы **ұлпа** деп аталады. Ұлпалардың негiзгi түрлерi: жабын, дәнекер, сүйек, бұлшықет және жүйке. Ұлпалар мүшелердi, мүшелер мүшелер жүйесiн құрайды.

Ағзаның ішкі ортасына:

қан, лимфа, жасуша аралық сұйықтық жатады.

Ішкі ортаның физика-химиялық қасиеттері мен химиялық құрамының тұрақтылығын сақтау қабілеттілігі **гомеостаз** деп аталады.

Осы тұрақтылықты сақтау үшін ағзада өзін-өзі реттеу процесі үздіксіз жүріп жатады.

Өзін-өзі реттеудің 2 түрі бар:

- 1) гуморальдық реттелу;
- 2) жүйке арқылы реттелу

Өсу мен даму заңдылықтары

Балалар мен жасөспірімдердің организмдері үнемі өсіп дамуға болады. Организмдердегі клеткалардың саны мен салмағының ұлғаюына байланысты дене көрсеткіштерінің артуын өсу деп аталады.

Организмнің негізгі 3 дене көрсеткіші бар: 1) бойы; 2) салмағы; 3) кеуде шеңбері.

Өсумен қатар организмде даму жүріп жатады. Даму – сапалық көрсеткіш. Организмнің дамуы деп сандық көрсеткіштердің сапалық көрсеткіштерге айналып, ұлпалардың жекешеленіп, белгілі бір қызмет атқаруға бейімделуін, организм мен оның жеке мүшелерінің қызметінің артуын, баланың ақыл-ой өрістерінің молаюын айтады. Организмінің дамуы екі түрлі: 1) физикалық, 2) функциялық.

Адам өмірін кезеңдерге бөлу

Жас кезеңдері – бұл өсуі мен дамуы ұқсас, физиологиялық ерекшеліктері бірдей уақыт мөлшерінің шегі. Белгілі бір жас кезеңінде организмнің даму дәрежесі бір деңгейге жетіп, келесі деңгейге дайындалу мерзімі басталады. 1965 жылы Москвада болған дүниежүзілік жиналыста адамның барлық өмірін 12 кезеңге бөлген.

- | | | | |
|---|---|----|---|
| 1 | Жаңа туған сәби | 8 | Кемелге келу
немесе ересектік
мерзімнің 1-ші
жартысы |
| 2 | Нәрестелік шақ | 9 | Ересектік мерзімнің 2-
ші жартысы |
| 3 | Сәбилік шақ (ерте
балалық) | 10 | Егде жас |
| 4 | 1-ші балалық шақ | 11 | Қариялар немесе кәрілік |
| 5 | 2-ші балалық шақ | 12 | Ұзақ өмір сүрушілер |
| 6 | Жеткіншектік
немесе
жасөспірімдік шақ | | |
| 7 | Жігіттік, бойжеткендік
шақ | | |

НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА РАХМЕТ